

Утепова А.К., аға оқытушы

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Қазақстан
Республикасы*

Мәдениетті эстетикалық тұрғыдан игеру барысында гуманитарлық циклдағы пәндердің рөлі

Соңғы жылдары қоғамдық қатынастарды гуманизациялауға назар көбірек бөлінеді, осыған орай ұлттық материалдық және рухани мұралардың ерекшеліктерін зерделеу бойынша зерттеу іс-әрекет отандық және әлем мәдениетін эстетикалық тұрғыдан игеруде маңызды орын алады. Біздің ЖОО-ғы студенттік жастарға ұлттық-көркем мәдениетке тарту арқылы эстетикалық тәрбие берудің өзекті мәселесі дәстүрлі отандық көркем мәдениетті тануға негізделген ерекше жағдайларды талап етеді.

Эстетикалық құндылықтар мәселесі және тұлғаның дамуындағы оның рөлі заманауи философтар Ю.Б. Борев, Е.С. Громов, А.В. Гулыга, А.П. Донченко, В.М. Жариков, Э.В. Ильенков, Н.И. Киященко, Н.Л. Лейзеров, В.А. Разумныйдың еңбектерінде кеңінен көрініс табады. Орыс педагогикада эстетикалық тәрбие мәселесін тәрбиенің жалпы жүйесі ретінде К.Д.Ушинский және оның ізбасарлары П.Ф. Каптерев, В.Я. Стоюнин және тағы да басқалар қойған.

Қазіргі таңда студенттік жастарға эстетикалық тәрбие беру жалпы адами мәдени көркем дәсүрлерге қызығушылықты дамуға негізделген олардың шығармашылық қасиеттерін белсендендіруде, әлемдік және отандық мұраны игерудің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Сол себептен жас буынға рухани мәдениеттің құндылықтарын беру жоғары мектептің қызметтерінің бірі болып табылады. Менің жоғары оқу орнындағы көпжылғы тәжірибем көрсеткендей, Қазақстанның көркем мәдениетінің жетістіктерін зерделеуді біздің көпұлтты мемлекетімізде қоныстанған әртүрлі халықтар

мен ұлыстардың салттары мен көркем дәстүрлеріне құрмет көрсету тұрғыда жастарды тәрбиелеудің тиімді құралы ретінде қарастыру қажет.

Отандық және әлемдік көркем мұраның жетістіктерін табысты игеру, сөзсіз, тұлғаның шығармашылық ойлауының қалыптасуына, болмыс құбылыстарының эстетикалық игеруіне, өзіндік шығармашылығында ұлттық көріністі практикалық елестетуді қамтамасыз ететін шығармашылық қасиеттерді дамыту үшін жағдай жасайды. Студенттердің эстетикалық тәрбиесін жақсартудағы қажеттілік бір қатар әлеуметтік-экономикалық және психологиялық-педагогикалық себептер негізделген:

- тіршілік әрекеттің барлық салаларында өтіп жатқан үдерістердің ауқымдылығы эстетикалық тұрғыдан білімді және тәрбиелі тұлғаның қалыптасуына аса назар аударуды талап етеді;

- адамды жаңадан ұғынумен ажырамас байланысқан сана психологиясының өзгеруі қоғамның жаһандану үдерісінде тұлға рөлінің күшеюімен байланысты;

- жастар көзқарастарының жеткілікті емес тұрақтылығы студент тұлғасының мәдени іргетасының белгілі деңгейін, оның тәрбиесі мен дамуының қажеттілігін негіздейді, осыған оның тұлға ретінде де, білікті маман ретіндегі болашағы байланысты;

- жаңа білім мен рухани құндылықтарды жасай алатын жас мамандарды тәрбиелеу ЖОО кезеңінде жастардың эстетикалық тәрбие жүйесінің басқа ұйымдастыруын талап етеді.

Осы барлық себептер студенттердің эстетикалық тәрбие мен білім беру жағдайларын жақсарту мәселесінің аса өткір болуына әкеледі; педагогикада эстетикалық тәрбие жүйесін әзірлеуге жағдай жасайды. Эстетикалық тәрбие мәселелерін өзектендіру бізден ЖОО-ның тәрбие-білім беру үдерісінде студенттердің эстетикалық тәрбие үдерісін жақсартуды талап етеді.

Біздің ЖОО-да эстетикалық тәрбиеге оқу-тәрбие үдерісінің барлық жүйесінде ерекше орын беріледі, себебі оған тек қана адамның эстетикалық қасиеттерін даму кірмей, сонымен қатар жалпы тұлғаның қалыптасуы кіреді:

оның рухани қажеттіліктері, адамгершілік идеалдары, жеке және қоғамдық түсініктері, көзқарастары.

Сол себептен эстетикалық тәрбие студенттер үшін, әсіресе мәдени-тынығу қызметін болашақ ұйымдастырушылары және оқытушылар үшін қажет. Университетте жұмыс істеу барысында келесіні түсінесің: дәл осы эстетикалық тәрбие үйлесімді дамыған тұлғаның қалыптасуына өз үлесін тигізеді, ол студент тұлғасының адамгершілік және интеллектуалды өзін өзі жақсартуға жағдай жасайды.

Жалпы эстетикалық мәдениет студенттің эстетикалық дамуы мен тәрбие деңгейін көрсетеді. Яғни, адам әсемділікті жасау керек және өзін эстетикалық мәдениет арқылы жүзеге асырады. Адамның мәдениеті сөзде де, ымда да көрініс табады. Эстетикалық мәдениет негізінде еңбек іс-әрекеті арқылы көрініс табады.

Зерттеуімізде біз «Мәдениеттану» курсы эстетикалық тәрбиенің контекстінде эстетикалық құрылымының интегративті көрсеткіші болып табылады, себебі адами шығармашылығының тарихын, әлемдік және отандық мәдениеттің шежіресін, мәдениет пен өнердің мәнін, олардың тұлға дамуындағы орнын, тұлғаның мәдениет субъекті, оның иеленушісі ретінде рөлін қарастырады.

Осылайша, эстетикалық тәрбие - тұлғаға, эстетикалық даму мақсатында оған мақсатты, жүйелі әсерін тигізу, яғни шығармашылық тұрғыдан белсенді тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Харламов, И.Ф.Педагогика: Краткий. курс: Учебное пособие 2-е изд., Мн.2004
- 2.Куренкова, Р.А.Эстетика: Учебное пособие . М.: Издательство Владос-Пресс,2003
- 3.Коган Л.Н. Художественная культура и художественное воспитание, М.,1979
- 4.Каган М.С.Эстетическое и художественное воспитание в развитом социалистическом обществе, Л.,1984